

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры қызметінің жекелеген мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 қараша 1994 ж. N 1329. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры қызметінің тиімділігін арттыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қаражатын шоғырландыру және оның одан әрі қайта бөлінуіне жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі: облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына аударылуға жататын келіп түскен сақтандыру жарналарының жалпы сомасының 30 процент мөлшерін аймақтардан жиналған сақтандыру жарналарының сұранымы мен көлеміне қарамастан, аталған қаражатты кейіннен зейнетақы төлеуге қаражаттан тапшылық көріп отырған облыстар бойынша қайта бөле отырып, айдың соңғы банк күні Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының орталықтандырылған есепшотына ай сайын аударым жасауын ұйымдастыратын болсын. Мезгілінде төленбеген салық сомасынан есептелген өсімнен түскен қаражат 10 проценті кейіннен сақтандыру жарналарын жинаумен әрі шоғырландырумен және халықты әлеуметтік қорғау органдарын техникалық жарақтандырумен тікелей айналысатын халықты әлеуметтік қорғау органдарының қызметкерлерін материалдық ынталандыру мақсатында пайдалануға аймақтарға бөлу үшін толығымен Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының орталықтандырылған есепшотына аударылады деп белгіленсін;

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының табыс есепшотына есептелген өсімнен түскен қаражатты есепке алу мен пайдаланудың тәртібін бір ай мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге енгізсін;

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қарау үшін "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1995 жылға арналған бюджеті туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екі апта мерзімде даярлап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынатын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК